

**"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ
ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ**

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетімен
2013 жылғы 22 қарашада

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетінің Төрағасы

К.Б. КОЖАХМЕТОВ

Б е к і т і л д і

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен
(2012 жылғы 2 қарашадағы отырыстың
№ 18 хаттамасы)

2017 жылғы "16" қаңтардан бастап
қолданысқа енгізілді

К е л і с і л д і

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-мен
2013 жылғы "15" қаңтар
"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Президенті

К.К. ДАМИТОВ

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігімен
20XX жылғы "XX"XXXX
Қазақстан Республикасы Қаржы
министрі

Б.Б. ЖАМИШЕВ

**Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге
қызмет көрсету және өтеу
ҚАҒИДАСЫ**

Алматы қ.
2012

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер мен толықтыру:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 27 желтоқсандағы сырттай дауыс берудің № 19 (ж) хаттамасы);
- 2017 жылғы 16 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасы заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 466 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығарудың, орналастырудың, айналысқа қосудың, қызмет көрсетудің және өтеудің ережесіне (бұдан әрі – МҚМ шығару ережесі), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу, номиналды ұстаушының бағалы қағаздарды номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу қағидаларына, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелеріне қатысты "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) қызметін жүзеге асыру шартын және тәртібін анықтайды (бұдан әрі – МҚМ).

Осы Қағида Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады (бұдан әрі – Қағидалар жинағы).

(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Орталық депозитарийдің МҚМ қатысты қызметінің құқықтық негіздері

1. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 80-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды депозитарлық қызмет көрсетуді жүзеге асырды.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 80-бабының 3-1-тармағына сәйкес Орталық депозитарий уәкілетті органның лицензиясыз мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізеді.

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

2. МҚМ шығару қағидасының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен жасалған шартқа сәйкес МҚМ есепке алу және қызмет көрсету жөніндегі функцияны және төлем агентінің функциясын жүзеге асырады (бұдан әрі – Эмитент).

МҚМ шығару қағидасының 8-тармағына сәйкес МҚМ-ді есепке алу және ол бойынша құқықтар Орталық депозитарийде бастапқы дилерлердің жеке шоттары және бастапқы дилерлердің жеке шоттарында ашылған инвесторлардың дербес қосалқы шоттарында жүзеге асырылады (егер өзгесі МҚМ шығару қағидасымен көзделмесе), ал Орталық депозитарий бастапқы нарықта МҚМ-ді орналастырған кезде, (егер өзгесі МҚМ-ді шығару Қағидасымен көзделмесе), қайталама нарықта МҚМ-ді айналысқа жіберген және өтеген кезде, сондай-ақ МҚМ-ге қызмет көрсеткен кезде (ол бойынша сыйақы есептеген және төлеген кезде) ол бойынша есептеулерді жүзеге асырумен түйінделетін төлем агентінің функциясын жүзеге асырады.

2-бап. МҚМ-ге қатысты Орталық депозитарийдің қызметі мен функциялары

1. МҚМ-ге қатысты Орталық депозитарий "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңына, МҚМ-ді шығару қағидасына және Қағидалар жинағына сәйкес мына түрлердегі қызметті жүзеге асырады:
 - 1) мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу;
 - 2) депозитарлық қызмет;
 - 3) МҚМ-ді орналастыру, айналысқа жіберу, өтеуін төлеп алу және өтеу мақсатында банк операцияларының жекелеген түрлері, МҚМ бойынша сыйақыны төлеу.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтің аясында Орталық депозитарий МҚМ қатысты мына функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) МҚМ тізілімдері жүйесін қалыптастыру;
 - 2) депозитарлық қызметке МҚМ-ді қабылдау;
 - 3) бағалы қағаздардың бастапқы нарығында МҚМ-мен мәмілелерді тіркеу (оларды орналастырған кезде МҚМ-мен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру);
 - 4) депоненттердің жеке шоттарында және депонент клиенттерінің қосалқы шоттарында МҚМ-ді есепке алу;
 - 5) бағалы қағаздардың қайталама нарығында МҚМ-мен мәмілелерді тіркеу (айналысқа түсу барысында МҚМ-мен мәмілелер бойынша есептеулерді жүзеге асыру);
 - 6) МҚМ бойынша сыйақыны есептеу және төлеу;
 - 7) МҚМ өтеу, соның ішінде оларды сатып алған кезде МҚМ мерзімінен бұрын өтеу.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген функцияларды осы Қағиданың 2-бабымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп, Қағидалар жинағына сәйкес Орталық депозитарий жүзеге асырады.

3-бап. МҚМ-ге қатысты бағалы қағаздар нарығының өзге қатысушыларының қызметі мен функциялары

1. МҚМ шығару қағидасының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаржы агенті Эмитенттің атынан және оның тапсырмасы бойынша Эмитентпен жасалған МҚМ-ді орналастыру туралы агенттік келісімнің негізінде МҚМ-ді орналастыратын заңды тұлға болып табылады.

Эмитентпен жасалған агенттік келісімнің негізінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) қаржы агенті болып табылады.

2. МҚМ шығару қағидасының 4-тармағымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Эмитентпен жасалған бас агенттік келісімінің негізінде ішкі қаржы нарығында қарыз алу мәселелері бойынша Эмитенттің қаржы кеңесшісінің функциясын жүзеге асыратын Эмитенттің бас қаржы агентін анықтады.

3. МҚМ шығару қағидасының 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес бастапқы дилерлер МҚМ-ді орналастыруға қатысуға Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен жол берілген бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылады.

Бастапқы дилердің мәртебесіне ие депонент Орталық депозитарийге осы депонентте мұндай мәртебенің болуын растайтын құжаттарды беруі тиіс.

2-ТАРАУ. МҚМ ҚАТЫСТЫ ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

4-бап. Жалпы ережелер

1. МҚМ шығару қағидасының 3-тармағының 3) тармақшасын орындау мақсатында Орталық депозитарий МҚМ-ге қатысты соңғы депозитарлық және өзге қызметті жүзеге асырумен байланысты Эмитенттің және Орталық депозитарийдің міндеттерін, құқықтарын және жауапкершілігін анықтайтын осы Қағидаға 1-қосымшадағы нысан бойынша МҚМ-ді депозитарлық қызмет көрсету шартын Эмитентпен жасайды (бұдан әрі осы бапта – Шарт).

Шарттың қолданысы МҚМ-нің барлық шығарылымдарына таралады.

2. Эмитентке өз тарапынан жасалған және қол қойылған Шартты берген кезде Орталық депозитарий біруақытта Эмитентке мыналарды береді:

- 1) Орталық депозитарийді заңды тұлға ретінде соңғы мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін;
 - 2) Орталық депозитарийдегі банктік операцияларды жүзеге асыруға берілген лицензияның көшірмесін;
 - 3) Орталық депозитарийдің қол қою үлгілері¹ (түпнұсқалығы нотариалды түрде куәландырған) және мөр бедері бар карточканы (осы баптың 3-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескергенде) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді);*
 - 4) Орталық депозитарийдің, депоненттердің және депонент клиенттерінің қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиясын құрайтын ақпаратты қоспағанда Эмитенттің сұратуы бойынша өзге ақпаратты.
3. Орталық депозитарийдің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкасына Орталық депозитарийдің атынан Шартқа және Орталық депозитарийдің Эмитентке Шартқа және осы Қағидаға сәйкес ұсынуға жататын өзге құжаттарына қол қоюға уәкілетті қызметкерлерінің қол қою үлгілері енгізіледі.
4. Орталық депозитарийге өз тарапынан қол қойылған Шартты ұсынған кезде Эмитент Орталық депозитарийге МҚМ-ге қатысты өзінің қызметі мен функцияларын Орталық депозитарийдің жүзеге асыруымен байланысты пайдалану үшін арналған өзінің банктік шотының деректемелері туралы мәліметтерді біруақытта береді (бұдан әрі – Эмитенттің шоты).
- Орталық депозитарийдегі Эмитенттің шоты туралы мәліметтер Эмитент шотының деректемелерін өзгеруі бойынша ауысуға жатады.
5. Орталық депозитарий Эмитентке МҚМ бойынша сыйақыны төлеу және оларды өтеу жөніндегі есеп айырысуды растайтын төлем тапсырмаларының көшірмесін тұрақты түрде ұсынады.
6. Орталық депозитарий және Эмитент осы баптың 1–5 тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді бір-біріне ұсынады:
- 1) қағаз тасымалдағыштағы осы құжаттардың (мәліметтердің) түпнұсқаларын;
 - 2) факсимильдік хабарламаларды (осы баптың 7-тармағымен белгіленген ерекшелікті ескеріп);
 - 3) электронды құжаттарды және/немесе электронды хабарламаларды (осы баптың 8-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).

¹ Орталық депозитарий осындай құжаттар нысандарының электронды файлдарын өзінің интернет-сайтында (www.kacd.kz) орналастырады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

7. Егер Орталық депозитарий мен Эмитент факсимильді хабарламалар түрінде осы баптың 1–5-тармақтарында көрсетілген құжатты (мәліметтерді) бір-біріне берген жағдайда, аталған факсимильдік хабарламаны жіберген күннен бастап бес күн ішінде осы құжаттың (осы мәліметтердің) қағаз тасымалдағыштағы түпнұсқасын почтамен немесе курьерлік ұйыммен (жөнелтілімдер мен хат-хабарларды жедел жеткізу қызметімен) қолына берілуі тиіс.
8. Орталық депозитарий мен Эмитент бір-біріне осы баптың 1–5-тармақтарында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді өзара жасалған жеке келісімдер негізінде және осындай келісімдерге сәйкес электронды құжаттар және/немесе электронды хабарламалар түрінде береді.

5-бап. Депозитарлық қызмет көрсетуге МҚМ-ді қабылдау

1. Осы баптың қолданылуы арнайы орта мерзімді қазынашылық міндеттемелерге (бұдан әрі – МАОКАМ) таралмайды, оларды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдау МҚМ-ді шығару қағидасының 10-тарауына сәйкес жүзеге асырады.
2. МҚМ-ге депозитарлық қызмет көрсетуге қандай да бір шығарылымды қабылдауды Орталық депозитарий осы шығарылым МҚМ-де орналастырылған күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарийге Биржамен (Эмитенттің деректерінің негізінде) ұсынылуға жататын осы шығарылым туралы мәліметтер негізінде жүзеге асырылады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес Биржадан алған МҚМ-ді шығару туралы мәліметтер негізінде Орталық депозитарий өзінің есепке алу жүйесінде МҚМ-нің осы шығарылымы туралы ақпаратты енгізеді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).

6-бап. Бағалы қағаздардың бастапқы нарығында МҚМ-мен мәмілені тіркеу

1. Осы баптың қолданылуы МАОКАМ-ге таралмайды, бағалы қағаздардың бастапқы нарығында олармен мәмілені тіркеу МҚМ-ді шығару қағидасының 10-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.
2. МҚМ-ді орналастырған кезде Биржа Орталық депозитарийге осы Қағиданың 3-қосымшасындағы нысан бойынша МҚМ-ді шығару жөніндегі орналастыруды тіркеуге бұйрықты ішкі құжатпен белгіленген мерзімде ұсынады (бұдан әрі осы бапта – Бұйрық).

Бұйрық форматы Орталық депозитарий мен Биржа арасында жасалған шартпен белгіленетін электронды құжат түрінде беріледі.

3. Орталық депозитарий Бұйрықты алған сәттен бастап бір сағат ішінде:
 - 1) Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде² бастапқы дилерлердің шоттарынан немесе Орталық депозитарийде бастапқы дилерлердің банктік шоттарынан сатып алынған МҚМ-ді төлеу жөніндегі бастапқы дилерлердің міндеттемелерін орындау мақсатында ақша сомасын Орталық депозитарийдің шотына есептен шығаруға төлем тапсырмасын жасайды *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде бастапқы дилердің шотынан ақшаны есептен шығаруға Орталық депозитарийдің берген төлем тапсырмасын ақша аударымдарының банкаралық жүйесіне орындауға Орталық депозитарий береді;
 - 3) Орталық депозитарийде бастапқы дилердің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға Орталық депозитарийдің берген төлем тапсырмасын Орталық депозитарийдің³ өзі орындайды *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
 - 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде (Орталық депозитарийдегі бастапқы дилердің банктік шотында) бастапқы дилердің шотында сатып алған МҚМ-ді төлеу жөніндегі осы дилердің міндеттемесін орындау үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда Орталық депозитарий Биржаға және осы дилерге осындай орындамау себептерін көрсетіп, Бұйрықты орындамағаны туралы есеп береді.
4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген төлем тапсырмаларын орындау шарасы бойынша, Орталық депозитарий:
 - 1) осы баптың 3-тармағына сәйкес бастапқы дилерлерден алынған ақшаны Орталық депозитарийдің шотынан Эмитенттің шотына аударуға төлем тапсырмасын жасайды;

² Мұнда және әрі қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі бастапқы дилердің немесе Орталық депозитарийдің есебінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 259 қаулысымен бекітілген Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есептеулерінің орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорын операциялайтын банкаралық ақша аударымдары жүйесінде бастапқы дилердің (Орталық депозитарийдің) позициясы түсініледі *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

³ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы" деген Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес (2010 жылғы 27 тамыздағы отырыстың № 8 хаттамасы) *(осы сілтемені нөмірлеу Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

- 2) осы баптың 3-тармағына сәйкес бастапқы дилер төлеген МҚМ-ді Бұйрыққа сәйкес Орталық депозитарийде осы бастапқы дилердің қосалқы шотына есептейді;
- 3) осы баптың 3-тармағына сәйкес Биржаға және МҚМ-ді төлеген бастапқы дилерге осы дилер оларды орналастырған кезде сатып алған МҚМ сатып алу-сату мәмілелерін тіркеу туралы есепті береді.

7-бап. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында МҚМ-мен мәмілелерді тіркеу

Бағалы қағаздардың қайталама нарығында МҚМ-мен мәмілелерді тіркеуді Орталық депозитарий Қағидалар жинағына кіретін "Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы"⁴ деген ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырады (бұдан әрі – Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы).

(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

8-бап. МҚМ бойынша сыйақыны есептеу және төлеу

1. Осы баптың нормалары МАОКАМ-ға осы Қағиданың 9-бабында сипатталған ерекшеліктерді ескеріп, пайдаланылады.
2. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ⁵ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күнін Орталық депозитарий осы Қағиданың 5-бабының 2-тармағына сәйкес Биржаның Орталық депозитарийге ұсынған осы шығарылым туралы мәліметтері мен МҚМ шығару қағидасының негізінде жеке анықтайды *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
3. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей (егер өзгесі МҚМ шығару қағидасымен көзделмесе) Орталық депозитарий:
 - 1) осы сыйақы сомасын есептейді (осы баптың 4-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 2) осы Қағиданың 4-қосымшасындағы нысан бойынша осы шығарылымның МҚМ бойынша сыйақысының алдағы төлемі туралы мәліметтерді жасайды және оны Эмитентке тапсырады.

⁴ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылғы 10 тамыздағы отырыстың №7 хаттамасы) *(осы сілтемені нөмірлеу Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

⁵ Осында және әрі қарай МҚМ бойынша кезекті сыйақы деп, соның ішінде және кезектілік бойынша соңғысы өтелген кезде төленуге жататын МҚМ бойынша сыйақы түсініледі *(осы сілтемені нөмірлеу Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

4. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақы сомасын Орталық депозитарий осы Қағиданың 5-бабы 2-тармағына сәйкес Биржадан Орталық депозитарий алған осы шығарылым туралы мәліметтерге, МҚМ-ді шығару Қағидасына және осы шығарылымның барлық МҚМ санын және осы шығарылымның МҚМ бойынша сыйақысын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен тыйым салынған осы шығарылымның МҚМ санын негізге алып, осы сыйақының сомалары арасындағы айырма ретінде Орталық депозитарийдің есептік деректеріне сәйкес есептейді.

Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақы сомасын Орталық депозитарий осы шығарылымның МҚМ номиналды құны көрсетілген валютада есептейді.

5. Эмитентке осы баптың 3-тармағына сәйкес берілген қандай да бір шығарылымның МҚМ жөніндегі кезекті сыйақысының жалпы сомасы туралы мәліметтер көрсетілген мәліметтердің бірін Эмитентке берген сәттен бастап және осы сыйақыны төлеген күнге дейінгі кезең ішінде:
- 1) Орталық депозитарий осы шығарылымның МҚМ бойынша сыйақысын алуға шығарылым ұстаушыларының құқықтарын шектеумен осы шығарылымның МҚМ-ның тыйымын тіркеген жағдайда;
 - 2) Орталық депозитарий осы шығарылымның МҚМ-нен осы шығарылымның МҚМ бойынша сыйақысын алуға шығарылым ұстаушыларының құқықтарын шектейтін тыйымды алуды тіркеген жағдайда;
 - 3) Орталық депозитарий МҚМ орналастырғанға дейін тіркеген жағдайда (Орталық депозитарийдің Эмитентке осы шығарылымның МҚМ бойынша сыйақысын алдағы төлем туралы жаңа мәліметтерді беріп) ауыстырылуға жатады.
6. Қандай да бір шығарылымның МҚМ бойынша кезекті сыйақысын төлейтін күні Орталық депозитарий:
- 1) МҚМ шығару қағидасына және Депозитарлық қызмет көрсету қағидасына сәйкес аталған күні Алматы уақытымен 09.00 жағдай бойынша осы сыйақыны алуға құқығы бар осы шығарылымның МҚМ ұстаушыларының тізімі жасалады;
 - 2) бағалы қағаздардың қайталама нарығында осы шығарылымның МҚМ-мен мәмілені тіркеуді тоқтатпайды, дегенмен осы сыйақыны төлеуді Орталық депозитарий осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген депоненттерге (депоненттердің клиенттеріне) ғана жүзеге асырады;
 - 3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген әрбір жеке депоненті (депонент клиенті) бойынша осы сыйақының сомасын (осы Қағиданың 5-бабының 2-тармағына және Орталық депозитарийдің есептік деректеріне сәйкес

Биржадан Орталық депозитарий алған осы шығарылым туралы мәліметтерге, МҚМ шығару қағидасына сәйкес) есептейді;

- 4) Алматы уақытымен сағат 17.00-ге дейін Эмитенттен осы сыйақыны төлеу үшін алған ақшаны осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген депоненттердің (депонент клиенттерінің) банктік шоттарына аударады (осы баптың 7 және 8-тармақтарымен белгіленген ерекшеліктерді ескергенде және осы баптың 9-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда).
7. Осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасымен белгіленген Орталық депозитарийдің ақшасын аудару мерзімі егер қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күні Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Эмитент деректемелері осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Эмитентке берілген осы сыйақының алдағы төлемі туралы мәліметтерде көрсетілген Орталық депозитарийдің банктік шотына осы сыйақының жалпы сомасын есептеуді қамтамасыз еткен жағдайда қолданылады.
Егер қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күні Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Орталық депозитарий Эмитенттен осы сыйақының жалпы сомасын алмаған жағдайда, Орталық депозитарий оған қандай да бір қосымша жауапкершілікті жүктеместен осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттерді орындау уақытын мөлшерлей отырып, ұзартуға құқылы.
8. МҚМ бойынша сыйақыны Орталық депозитарий бағалы қағаздар бойынша өзіне тиесілі сыйақыны есептеу үшін арналған өзінің банктік деректемелерінде ұстаушы көрсеткен ұстаушының банктік шотына аударады.
9. Егер қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күні Орталық депозитарий осы шығарылымның МҚМ бойынша сыйақысын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен осы шығарылымның МҚМ-ге тыйым салуын тіркеген жағдайда, ол осындай ұстаушыға тиесілі осы сыйақының сомасын Эмитентке қайтарады.
10. Осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасында және қажет болғанда осы баптың 9-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді аяқтау тиісінше шығарылымның МҚМ бойынша кезекті сыйақысын төлеуді білдіреді.
Осындай іс-әрекеттерді аяқтау бойынша Орталық депозитарий Эмитентке МҚМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу туралы мәліметтерді ұсынады.

9-бап. МАОКАМ бойынша сыйақыны есептеу мен төлеу ерекшелігі

1. МҚМ шығару қағидасының 10-тарауымен МАОКАМ бойынша сыйақы есептеу және төлеуге қатысты мынадай ережелер белгіленді:

- 1) МАОКАМ номиналды құны АҚШ долларында көрсетіледі, бірақ МАОКАМ жөніндегі сыйақы МАОКАМ бойынша сыйақыны төлеу күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларына теңгенің ресми бағамы бойынша теңгеде төленеді;
 - 2) МАОКАМ айналысы сыйақы төлеу күніне дейін екі жұмыс күні бұрын тоқтатылады және осындай төлем күнінен бастап екі жұмыс күні аяқталған соң қайта басталады;
 - 3) сыйақы алуға құқығы бар МАОКАМ ұстаушыларының тізімі осы сыйақы төлеу күніне дейін екі жұмыс күні бұрын жасалады;
 - 4) Орталық депозитарий Эмитентке осы сыйақы төлеген күнге дейін екі жұмыс күні бұрын МАОКАМ бойынша сыйақының жалпы сомасы туралы мәліметтерді (АҚШ долларында) береді.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ережелерді негізге алып, осы Қағиданың 8-бабының нормалары МАОКАМ-ға мынадай ерекшеліктерді ескеріп, қолданылады:
- 1) осы шығарылымның МАОКАМ бойынша сыйақысын алуға құқығы бар қандай да бір шығарылымдағы МАОКАМ ұстаушыларының тізімін Орталық депозитарий осы сыйақыны төлеу күнінің алдындағы соңғыдан бұрынғы жұмыс күнінің Алматы уақытымен 00.00-дегі жағдай бойынша жасайды;
 - 2) осы Қағиданың 8-бабының 3-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді Орталық депозитарий қандай да бір шығарылымдағы МАОКАМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күніне дейін екі жұмыс күні бұрын орындайды, бұл ретте осы шығарылымдағы МАОКАМ бойынша сыйақы сомасын Орталық депозитарий АҚШ долларында есептейді;
 - 3) қандай да бір шығарылымдағы МАОКАМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабының 3-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді қайтадан орындайды, бұл ретте осы шығарылымдағы МАОКАМ бойынша сыйақы сомасын Орталық депозитарий осы сыйақыны төлеу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен белгіленген АҚШ долларына теңгенің ресми бағамы бойынша теңгеде Орталық депозитарий қайта есептейді.

10-бап. МҚМ-ді өтеу

1. Осы баптың нормалары МАОКАМ-ге осы Қағиданың 11-бабында сипатталған ерекшеліктерді ескеріп, қолданылады.
2. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ-ді өтеу күнін Орталық депозитарий МҚМ шығару қағидасының және осы Қағиданың 5-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийдің Биржадан алған осы шығарылым туралы мәліметтерінің негізінде дербес анықтайды.
3. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ-ді өтеу күніне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей (егер өзгесі МҚМ шығару қағидасымен көзделмесе) Орталық депозитарий:
 - 1) осы шығарылымның МҚМ жиынтық номиналды құнын есептейді (осы баптың 4-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 2) осы Қағиданың 5-қосымшасындағы нысан бойынша осы шығарылымның МҚМ алдағы өтеу туралы мәліметтерді жасайды және оларды Эмитентке береді.
4. Өтелуге жататын қандай да бір шығарылымның МҚМ жиынтық номиналды құнын Орталық депозитарий МҚМ шығару қағидасына, осы Қағиданың 5-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийдің Биржадан алған осы шығарылым туралы мәліметтеріне және өтелген кезде осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен тыйым салынған осы шығарылымның МҚМ жиынтық номиналды құны мен осы шығарылымның барлық МҚМ жиынтық номиналды құны арасындағы айырма ретінде Орталық депозитарийдің есептік деректеріне сәйкес есептейді.

Өтелуге жататын қандай да бір шығарылымдағы МҚМ жиынтық номиналды құнын Орталық депозитарий осы шығарылымның МҚМ номиналды құны көрсетілген валютада есептейді.
5. Эмитентке осы баптың 3-тармағына сәйкес берілген өтелуге жататын қандай да бір шығарылымның МҚМ жиынтық номиналды құны туралы мәліметтері егер осы шығарылымның МҚМ өтеген күнге дейін және көрсетілген мәліметтердің бірін Эмитентке берген сәтінен басталған кезең ішінде:
 - 1) Орталық депозитарий өтелген кезде осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен осы шығарылымның МҚМ тыйым салуын тіркеген жағдайда;

- 2) Орталық депозитарий өтелген кезде осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеген осы шығарылымның МҚМ-ден бастап тыйым салуын тіркеген жағдайда ауыстырылуға (Орталық депозитарийдің Эмитентке осы шығарылымның МҚМ алдағы өтеу туралы жаңа мәліметтерін беріп) жатады.
6. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ-ді өтеу күні Орталық депозитарий:
 - 1) бағалы қағаздардың қайталама нарығында осы шығарылымның МҚМ-мен мәмілелерді тіркеуді тоқтатады;
 - 2) МҚМ шығару қағидасына және Депозитарлық қызмет көрсету қағидасына сәйкес көрсетілген күннің Алматы уақытымен 09.00-гі жағдай бойынша өтелген кезде осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын алуға құқығы бар осы шығарылымның МҚМ ұстаушыларының тізімін жасайды;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген әрбір жеке депоненті (депонент клиенті) бойынша осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын есептейді (осы Қағиданың 5-бабының 2-тармағына және Орталық депозитарийдің есептік деректеріне сәйкес Биржадан Орталық депозитарий алған осы шығарылым туралы мәліметтерге, МҚМ шығару қағидасына сәйкес);
 - 4) Алматы уақытымен 17.00-ге дейін:

Эмитенттен осы шығарылымның МҚМ өтеу үшін алған ақшаны осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген депоненттердің (депонент клиенттерінің) банктік шоттарына аударады (осы баптың 7 және 8-тармақтарымен белгіленген ерекшеліктерді ескергенде және осы баптың 9-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда);

осы шығарылымның МҚМ өтеген кезде ақшаны алған шығарылым ұстаушыларының қосалқы шоттарынан осы шығарылымның МҚМ-ін есептен шығарады;

өзінің есепке алу жүйесінде осы шығарылымның МҚМ-ін өтеу туралы мәліметтерді енгізеді.
7. Осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасымен белгіленген Орталық депозитарийдің ақшасын қайта есептеу мерзімі егер қандай да бір шығарылымдағы МҚМ-ды өтеу күні Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Эмитент деректемелері осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Эмитентке берілген осы сыйақының МҚМ-ін алдағы өтеу туралы мәліметтерде көрсетілген Орталық депозитарийдің банктік шотына осы шығарылымның МҚМ жиынтық номиналды құнын есептеуді қамтамасыз еткен жағдайда қолданылады.

Егер қандай да бір шығарылымдағы МҚМ бойынша кезекті сыйақыны төлеу күні Алматы уақытымен 16.00-ге дейін Орталық

депозитарий Эмитенттен осы сыйақының жалпы сомасын алмаған жағдайда, Орталық депозитарий оған қандай да бір қосымша жауапкершілікті жүктеместен осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттерді орындау уақытын мөлшерлей отырып, ұзартуға құқылы.

8. Өтелетін МҚМ-нің номиналды құнын Орталық депозитарий осы ұстаушының банктік деректемелерінде өтеу кезінде өзіне тиесілі бағалы қағаздардың номиналды құнын есептеу үшін арналған деп көрсеткен ұстаушының банктік шотына аударады.
9. Егер қандай да бір шығарылымдағы МҚМ-ді өтеу күнінде Орталық депозитарий өтеу кезінде осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен осы шығарылымның МҚМ тыйым салуын тіркеген жағдайда, ол Эмитентке осындай ұстаушыларға тиесілі осы шығарылымның МҚМ номиналды құнын қайтарады.
10. Осы баптың 6-тармағының 4) тармақшасында және қажет болғанда, осы баптың 9-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді аяқтау тиісінше шығарылымның МҚМ-інің өтелгенін білдіреді.

Осындай іс-әрекеттердің аяқталуы бойынша Орталық депозитарий Эмитентке МҚМ өтеу туралы мәліметтерді ұсынады.

11-бап. МАОКАМ өтеу ерекшелігі

1. МҚМ шығару қағидасының 10-тарауымен МАОКАМ сыйақысын төлеу мен есептеуге қатысты мынадай ережелер белгіленді:
 - 1) МАОКАМ номиналды құны АҚШ долларында көрсетіледі, бірақ МАОКАМ-ды өтеу күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларына ресми теңге бағамы бойынша теңгеде МАОКАМ өтеген кезде төленеді;
 - 2) МАОКАМ айналысы өтеу күніне дейін екі жұмыс күнінде тоқтатылады;
 - 3) өтелген кезде МАОКАМ номиналды құнын алуға құқығы бар МАОКАМ ұстаушыларының тізімі МАОКАМ өтеген күнге дейін екі жұмыс күні ішінде жасалады;
 - 4) Орталық депозитарий Эмитентке МАОКАМ өтеген күнге дейін екі жұмыс күні бұрын МАОКАМ алдағы өтеу (АҚШ долларында) туралы мәліметтерді береді.
2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ережелерге сүйене отырып, осы Қағиданың 10-бабының нормалары МАОКАМ-ға мына ерекшеліктерді ескере отырып, қолданылады:
 - 1) өтеген кезде осы шығарылымның МАОКАМ номиналды құнын алуға құқығы бар қандай да бір шығарылымның МАОКАМ ұстаушыларының тізімін Орталық депозитарий Алматы

уақытымен 00.00-дегі жағдай бойынша МАОКАМ өтеу күнінің алдындағы соңғыдан бұрынғы жұмыс күні жасайды;

- 2) осы Қағиданың 10-бабының 3-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді Орталық депозитарий қандай да бір шығарылымдағы МАОКАМ өтеу күніне дейін екі жұмыс күні бұрын орындайды, бұл ретте осы шығарылымдағы МАОКАМ жиынтық номиналды құнын Орталық депозитарий АҚШ долларында есептейді;
- 3) қандай да бір шығарылымдағы МАОКАМ өтеу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні Орталық депозитарий осы Қағиданың 10-бабының 3-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді қайтадан орындайды, бұл ретте осы шығарылымдағы МАОКАМ-ның жиынтық номиналды құнын Орталық депозитарий МАОКАМ өтеу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төлеген АҚШ долларына теңгедегі ресми бағам бойынша теңгеде қайта есептейді.

12-бап. МҚМ сатып алу және мерзімінен бұрын өтеу

1. Қандай да бір шығарылымдағы МҚМ сатып алу үшін Эмитент Орталық депозитарийде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жеке шотында сатып алынған осы шығарылымдағы МҚМ есепке алу үшін қосалқы шотты ашады.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі МҚМ сатып алу бойынша жасалған мәмілелерді Орталық депозитарий қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелерін тіркеу үшін Депозитарлық қызмет көрсету қағидасымен белгіленген тәртіппен тіркейді.
3. МҚМ сатып алу бойынша мәміле тіркелген операциялық күннің⁶ соңында Орталық депозитарий:
 - 1) Эмитенттің қосалқы шотынан сатып алынған және мерзімінен бұрын өтелетін МҚМ-ді есептен шығарады;
 - 2) есепке алудың өз жүйесіне МҚМ-ді мерзімінен бұрын өтеу туралы мәліметтер енгізеді.

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген іс-әрекеттерді аяқтау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сатып алған МҚМ ішінара мерзімінен бұрын өтеуді білдіреді.

⁶ Осы ұғым Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжаты "Операциялық регламентте" анықталғандай (2016 жылғы 10 тамыздағы отырыстың № 10 хаттамасы) *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

Осындай іс-әрекетті аяқтау бойынша Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне сатып алынған МҚМ ішінара мерзімінен бұрын өтеу туралы мәліметтерді ұсынады.

3-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13-бап. Осы Қағиданы қолдану ерекшеліктері

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Орталық депозитарий осы Қағида қолданысқа енгізілгеннен кейін пайда болған, осы нормалардың осы Қағидада қаншалықты көрсетілгеніне қатыссыз Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылық алуға міндеттенеді.

Президент

Б.Х. Капышев

Мемлекеттік қазынашылық
міндеттемелерге қызмет
көрсету және өтеу қағидасына

1-қосымша

(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ға мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің шығарылымына қызмет көрсетуге № _____

ШАРТЫ

Астана қаласы

20__ ж. "___" _____

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы, бұдан әрі "Депозитарий" деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Президент _____

_____ ,
арқылы, бір жағынан және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, бұдан әрі "Эмитент" деп _____ аталып, _____ негізінде іс-әрекет жасайтын, _____

_____ арқылы, бір жағынан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты жасады:

1-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Депозитарий мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге шығарылымдарын қызмет көрсетуге қабылдайды.
- 1.2. Депозитарий ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда мемлекеттік қазынашылық міндеттемелермен жасалатын мәмілелерді тіркеу және мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің ұстаушылардың құқықтарын есепке алады.
- 1.3. Депозитарий орналастырған кезде бастапқы нарықта қазынашылық міндеттемелер бойынша, қайталама нарықта қазынашылық міндеттемелерді айналысқа жіберген және өтеген кезде есеп айырысуды, сондай-ақ қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсетумен (сыйақыны есептеу мен төлеу) түйінделетін төлем агентінің функцияларын жүзеге асырады.
- 1.4. Тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, осы Шартпен және "Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағымен" реттеледі (бұдан әрі – Қағидалар жинағы).

2-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 2.1. Депозитарий мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақыны төлеген кезде және/немесе өтеуге ақшаны уақтылы және толық көлемде алуға құқығы бар.
- 2.2. Эмитенттің мыналарға құқығы бар:
- 1) Депозитарийден мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеу және/немесе сыйақыны алдағы төлеу туралы мәліметтерді уақтылы алуға;
 - 2) Депозитарийден мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеу және/немесе төленген сыйақы төлемдері туралы ақпаратты уақтылы алуға;
 - 3) Депозитарийдегі мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер туралы статистикалық ақпаратты уақтылы алуға.

3-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Депозитарий:
- 1) Эмитентке осы Шартты жасаған кезде тізбесі Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсету мен өтеу туралы қағидамен белгіленген құжаттарды беруге;
 - 2) Бастапқы дилерлердің жеке шоттарында ашылған клиенттердің қосалқы шоттары бойынша жазбаларды енгізу арқылы мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің есебін жүргізуге;
 - 3) Қағидалар жинағына және Эмитенттің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бастапқы және қайталама нарықтарда жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға;
 - 4) мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақыны төлегенге дейін үш күннен кешіктірмей Эмитентке сыйақының алдағы төлемі туралы мәліметтерді беруге;
 - 5) мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің шығарылымын өтегенге дейін үш күннен кешіктірмей Эмитентке алдағы өтеу туралы мәліметтерді беруге;
 - 6) Эмитент ақшаны осы бөлімнің 3.2. тармағының 5) және 6) тармақшасына сәйкес есептеп, аударған жағдайда сол күні 17.00 дейін ақшаны Бастапқы дилерлердің позициясына аударуға;
 - 7) Депозитарийде Бас қаржы агентінің жеке шотында ашылған сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін Эмитенттің қосалқы шотына мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді есептеу күніне мерзімінен бұрын өтеуді тіркеуді жүзеге асыруға;
 - 8) Эмитентке мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер туралы статистикалық ақпаратты беруге;
 - 9) Эмитентке осы шартты жасау барысында ұсынылатын құжаттарды, құжат өзгерген жағдайда уақтылы беруге міндетті.

3.2. Эмитент:

- 1) Қаржы агентімен Шарттың көшірмесін қоса беріп, Қаржы агентін таңдау туралы Депозитарийге хабарлауға;
- 2) Депозитарийге басқа Қаржы агентін таңдау туралы уақтылы хабарлауға;
- 3) мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Бас қаржы агентінің жеке шотында сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін қосалқы шотты ашуға;
- 4) Депозитарий ұсынған сыйақыны алдағы төлеу туралы мәліметтерге сәйкес мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақыны төлеу үшін ААБЖ-ға Депозитарийдің позициясына ақшаны мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақыны төлейтін күні сағат 16.00 дейін (Алматы уақыты) есептеп, аударуды қамтамасыз етуге;
- 5) Депозитарий ұсынған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер шығарылымын өтеу туралы мәліметтерге сәйкес мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер шығарылымын өтеу үшін ААБЖ-ға Депозитарийдің позициясына ақшаны мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің шығарылымын өтеу күні сағат 16.00 дейін (Алматы уақыты) есептеп, аударуды қамтамасыз етуге;
- 6) Депозитарийге осы шартты жасау барысында ұсынылатын құжаттарды, құжаттар өзгертілген жағдайда уақтылы беруге міндетті.

4-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 4.1. Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан болған шығындарды бір-біріне келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзара жауапкершілікті көтереді.
- 4.2. Депозитарий мына жағдайларда осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады:
 - 1) Қаржы агенті мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің алдағы шығарылымдары туралы ақпаратты ұсынбаса немесе уақтылы ұсынбаса немесе олардағы ақпарат сенімсіз болса;
 - 2) Қаржы агентінің Бастапқы дилерлер туралы ақпаратты ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы (Бастапқы дилерлер тізіміне енгізу және алып тастау туралы);
 - 3) Эмитенттің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге сыйақы төлеу және/немесе өтеу барысында Депозитарийдің позициясына ААБЖ-ға ақшаны уақытында есептемеуі;

- 4) эмитенттің Депозитарийдің позициясына мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге сыйақы төлеу және/немесе өтеу үшін жеткіліксіз сомадағы ақшаны есептеп, аударуы.

5-бөлім. ФОРС-МАЖОР

- 5.1. Тараптар дүлей күш басталуының салдарынан шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершілікті алмайды (форс-мажор). Төтенше жағдайларға жер сілкінісі, су тасқыны, сел, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, уәкілетті мемлекеттік органдардың, соның ішінде Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін шет мемлекеттердің шешімдері, сондай-ақ Тараптарға қатысы жоқ себептермен туындауы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін кез келген өзге жағдайларды жатқызуға болады.
- 5.2. Табиғи апаттар, электр энергиясын апаттық өшірілуі және байланыс желісінің бүлінуі түрінде электрондық төлемдер жүйесін пайдалануға елеулі ықпал ететін Тараптар дүлей күштің нәтижесінде туындаған Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығының ақша аударымдарының банкаралық жүйесінің қызметі тоқтаған немесе тоқтатыла тұрған жағдайда Шарт бойынша өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті алмайды.
- 5.3. Тараптар ақылға қонымды мерзімдерде төтенше жағдайлардың туындағаны туралы бір-біріне хабарлауға міндеттенеді, осы жағдайлар басталған кезде ғана мұндай хабарламалар болуы мүмкін. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мұндай жағдайлар орын алған кезеңінде тоқтатыла тұрады.
- 5.4. Дүлей күш тоқтаған кезде Тараптар осы шарт бойынша алған міндеттемелерін тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер төтенше жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға құқылы.

6-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Осы Шарттың талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар бір-бірінің мүдделерін ескеріп, келіспеушілікті соттан тыс тәртіппен реттеу мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Өзара келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда Тараптардың даулары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен қаралады.

7-бөлім. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

- 7.1. Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді.
- 7.2. Осы Шарттың тарабының бірі қайта құрылған жағдайда өзінің заңды күшін жоғалтпайды және Шарт бойынша міндеттері құқықтық мұрагерлеріне өтеді.

- 7.3. Осы Шарттың қолданылуы Эмитенттің эмитациялаған бағалы қағаздарды шығару және орналастыру тәртібі туралы мәліметтерді ұсынған сәттен басталады және осы Шарт бойынша міндеттемелерді Тараптар толық орындағанға дейін қолданылады.

8-бөлім. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

- 8.1. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен ресімделеді және оған Тараптардың уәкілетті өкілдер қол қояды.
- 8.2. Осы шарт Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағы немесе Тараптардың келісімі бойынша бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы өзгерген жағдайда қайта қаралуға жатады.
- 8.3. Осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.
- 8.4. Шарт әр Тарап үшін бір-бірден екі данада жасалды.

9-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Депозитарий	Эмитент

(бірінші басшының қойған қолы, тегі және
инициалдары)

М.О.

(бірінші басшының қойған қолы, тегі мен
инициалдары)

М.О.

Мемлекеттік қазынашылық
міндеттемелерге қызмет
көрсету және өтеу қағидасына

2-қосымша

(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).

Мемлекеттік қазынашылық
міндеттемелерге қызмет
көрсету және өтеу қағидасына

3-қосымша

**мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді
шығару бойынша орналастыруды тіркеуге**

Б Ұ Й Р Ы Қ

(мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің ұлттық сәйкестендіру нөмірі)

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді
орналастыру күні

Көрсетілген күні орналастырылған мемлекеттік
қазынашылық міндеттемелердің саны

Орналастырылған мемлекеттік қазынашылық
міндеттемелердің орташа мөлшерленген бағасы
немесе кірістілігі

№ р/р	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді сатып алушының қосалқы шотының нөмірі	Сатып алушы сатып алған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің саны, дана	Бір мемлекеттік қазынашылық міндеттеменің бағасы, теңге	Мәміленің мөлшері, теңге ([1]×[2])
А	В	1	2	3
1.				
2.				
3.				

Лауазымы

[қойған қолы]

Тегі, инициалдары

М.О.

Мемлекеттік қазынашылық
міндеттемелерге қызмет
көрсету және өтеу қағидасына

4-қосымша

**Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша
сыйақыны алдағы төлеу туралы
МӘЛІМЕТТЕР**

(мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер түрінің атауының аббревиатурасы, мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің ұлттық сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың бірінші күні)

№ р/р	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер саны, дана	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша сыйақы сомасы және оның валютасының ⁷ коды
1.	Айналыстағы осы шығарылымның барлық мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері бойынша сыйақы		
2.	Сыйақы алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен тыйым салынған осы шығарылымның мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері бойынша сыйақысы		
3.	Орталық депозитарийдің алуға ЖИЫНТЫҒЫ (1 бет – 2 бет)		

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша
сыйақыны төлеу күні

XX ай XXXX күн

⁷ ISO 4217 халықаралық стандартына сәйкес валютаның үш символды алфавиттік коды.

**Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша
сыйақының жалпы сомасын алу үшін Орталық депозитарийдің банктік
деректемелері**

Бенефициар "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ
БСК _____
Бенефициар банк _____
ЖСК _____ Резиденттік белгісі _____
БСН _____ Экономика секторы _____
Анықтама үшін _____

**Орталық депозитарий тіркеген сыйақы алуға ұстаушылардың құқықтарын
шектеумен мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге тыйымдар туралы
мәліметтер**

№ р/р	Тыйымды тіркеу күні	Тыйым салынған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер саны	Тыйым салу тіркелген құжаттың атауы мен деректемелері
1.	ЖЖ.АА.КК		
2.	ЖЖ.АА.КК		
3.	ЖЖ.АА.КК		
БАРЛЫҒЫ			

Лауазымы

[қойған қолы]

Тегі, инициалдары

М.О.

Мемлекеттік қазынашылық
міндеттемелерге қызмет
көрсету және өтеу қағидасына

5-қосымша

**Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді алдағы өтеу туралы
МӘЛІМЕТТЕР**

(мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер түрінің атауының аббревиатурасы, мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің ұлттық сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың бірінші күні)

№ р/р	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің жиынтық номиналды құны	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің саны, дана	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің жиынтық номиналды құнының мөлшері және валютасының ⁸ коды
1.	Айналыстағы осы шығарылымның барлық мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерінің жиынтық номиналды құны		
2.	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеген кезде олардың номиналды құнын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен тыйым салынған осы шығарылымның мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерінің жиынтық номиналды құны		
3.	Орталық депозитарийдің алуға ЖИЫНТЫҒЫ (1 бет – 2 бет)		

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеу күні

XXXX жыл XX ай

⁸ ISO 4217 халықаралық стандартына сәйкес валютаның үш символды алфавиттік коды.

Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеген кезде жалпы соманы алу үшін Орталық депозитарийдің банктік деректемелері

Бенефициар "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ
БСК _____
Бенефициар банкі _____
БСК _____ Резиденттік белгісі _____
БСН _____ Экономика секторы _____
Анықтама үшін _____

Орталық депозитарий тіркеген мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеген кезде олардың номиналды құнын алуға ұстаушылардың құқықтарын шектеумен мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге салынған тыйымдар туралы мәліметтер

№ р/р	Тыйым салуды тіркеу күні	Тыйым салынған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің саны	Тыйым салу тіркелген құжаттың атауы мен деректемелері
1.	ЖЖ.АА.КК		
2.	ЖЖ.АА.КК		
3.	ЖЖ.АА.КК		
БАРЛЫҒЫ			

Лауазымы

[қойған қолы]

Тегі, инициалдары

М.О.